

Ш.Қабылбаев атындағы Қостанай академиясы

Ұлттық мереке – Тәуелсіздік күніне орай ІІМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай Академиясында өткен салтанатты іс-шара Қазақстан Республикасының Әнұранын орындаудан басталды.

Академия бастығы, полиция полковнигі Мирлан Қызылов ардагерлерді, профессорлық - оқытушылар құрамын, қызметкерлерді және курсанттарды Тәуелсіздік күнімен құттықтады. Оқу ордасының басшылығы, профессорлық-оқытушылар құрамы мен қызметкерлерді сондай-ақ, Ардагерлер және «Қазақстан заңгерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігі Қостанай облыстық филиалының төрағасы Ербол Абдрахманов құттықтады.



Іс-шара барысында полиция полковнигі Мирлан Қызылов қызметкерлерді адал еңбектерімен қызметте көрсеткен жетістіктері үшін, Ішкі істер министрінің «Құқық тәртібін қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін» медалімен, «Мінсіз қызметі үшін» I, II, III дәрежелі медалімен, Құрмет грамотасымен, алғысымен марапаттады. Сонымен қатар, Академия бастығының бұйрығымен бірқатар қызметкер грамота және алғыс хаттармен марапатталды.

Осы қуанышты мерекелі күн қызметкерлер мен курсанттардың концерттік ән-жырларымен жалғасты. Мерекелік концертте оқу

ордасында білім нәрін алып жатқан Қырғызстан, Тәжікстан республикаларының курсанттары туған тілдерінде өлеңдерін шырқап, аспаптарында ойнап, билерін биледі. Кеште сазгер, ән жанрының майталманы, композитор Қалибек Дерипсалдиннің жетекшілік етуімен курсанттардан құрылған домбыра тобында күйлер орындалды. Мың бұралған арулар билеп, өнерпаздар әннен шашу шашты.

Орынбасар Уақпаева